

БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы

Басқарма Төрағасы, Ректор

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу

университеті» КЕ АҚ д. профессор

_____ урибаев

« 28 _____ 2026 ж.



Докторантураға түсушілерге арналған түсу емтиханының

БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасы: 8D04101 Экономика

Білім беру бағдарламалар тобы: D070 Экономика

Талдықорған, 2026

1. Негізгі ережелер

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары және «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидалары негізінде 8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасына докторантураға түсетін тұлғалар үшін жасалды.

8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасы бойынша түсу емтихандарын өткізу күнтізбелік жылдың 04-20 тамыз аралығында университет базасында өткізіледі. Докторанттар қатарына қабылдау ағымдағы жылдың 28 тамызында аяқталады. Докторантураға қабылдау бойынша түсу емтихандарын өткізу күні мен уақыты, орны университет сайтында жарияланады.

Қабылдау емтиханы сұхбаттан және емтиханнан (эссе жазу және 3 блоктан тұратын білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары) тұрады. Қабылдау емтиханының нәтижелері 100 балдық шкала бойынша бағаланады, бұл ретте эссенің үлес салмағы 20 балды, әңгімелесудің үлес салмағы 30 балды, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан 50 балды құрайды және өткізілгеннен кейінгі күні жарияланады. Білім беру бағдарламасына түсу үшін шекті көрсеткіш 75 балл болып табылады.

2. Қабылдау емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қабылдау емтиханының мақсаты – талапкердің докторантураға теориялық және практикалық дайындығын, білім, білік және дағдыларының дайындық саласындағы докторантура талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау.

Қабылдау емтиханының міндеттері:

- 8D041 – Бизнес және басқару бағыты бойынша D070 – Экономика білім беру бағдарламалары тобы бойынша теориялық негіздердің білім деңгейін тексеру;
- ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен қабілеттерін анықтау;
- оқу және ғылыми әдебиеттердегі тиісті ережелерге сілтемелермен жұмыс істеу қабілетін тексеру;
- ойлау мәдениетін, зерттеу нәтижелерін дұрыс рәсімдеу қабілетін анықтау;
- кәсіби функцияларды жүзеге асыруға байланысты мақсаттар қою және міндеттерді тұжырымдау қабілетін бағалау;
- арнайы кәсіби терминология мен лексиканы меңгеру деңгейін бағалау.

3. Докторантураға түсетін тұлғалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Философия докторы (PhD) ғылыми атағын алу үшін 8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін тұлғалар үшін білім берудің алдыңғы деңгейі магистр дәрежесі болып табылады. 8D04101 – Экономика білім беру бағдарламасына кемінде 9 (тоғыз) ай кем емес жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар қабылданады.

PhD бағдарламалары бойынша докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары және жоғары оқу

орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесімен бекітілген.

Үміткер докторантураға, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметіне дайын болуы керек. Өтініш беруші заманауи зерттеу әдістерін жетік білуі керек. Сонымен қатар, үміткер келесі ғылыми және әдістемелік дағдыларға ие болуы керек:

Білуі қажет:

-Экономика, бизнес және басқару салаларындағы заманауи тенденциялар мен даму бағыттарын;

-Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің принциптері мен кезеңдерін;

-Отандық және әлемдік экономиканың даму заңдылықтарын.

-Әлеуметтік және экономикалық маңызы бар процестерді талдау, экономикалық мәселелерді анықтау және оларды шешуге бағытталған мақсаттар қою;

-Экономикалық жаһандану жағдайында жаңа білім қалыптастыруға мүмкіндік беретін заманауи ғылыми парадигмалар мен талаптарды;

-Экономика саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу үшін қажетті теориялық және әдіснамалық базаны.

Меңгеруі тиіс:

-Бизнес-аналитика және эконометрика саласындағы құбылыстарды зерттеуге, модельдеуге және болжауға мүмкіндік беретін заманауи әдістемелік құралдарды;

Цифрлық және техникалық құралдарды пайдалана отырып, ұйым қызметінің басқарушылық, экономикалық және коммерциялық тиімділігін бағалау және есептеу әдістерін.

3. Кәсіби құзыреттер бойынша:

-Ғылыми-әдістемелік ақпаратты жүйелеу, талдау және жалпылау қабілетіне ие болу;

-Экономикалық үрдістердің дамуындағы жалпы тенденциялар мен бәсекелестік жағдайларды кешенді түрде талдай білу;

-Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер қоя білу және оларды шешу жолдарын анықтай білу;

-Кәсіпорынның болашағына әсер ететін ішкі және сыртқы факторларды саралай білу.

4. Эссе жазуға қойылатын талаптар мен критерийлер

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу көрінетін аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

ЭССЕ түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Дәйектілігі	ғылыми-зерттеу қызметіне ынталану уәждер туралы үміткерлердің дәлелдері (research statement)	250 сөзден кем емес
Ғылыми-аналитикалық	үміткерлердің болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Тақырыптық-проблемалық	пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

ЭССЕ бағалау критеріі

Критерии	Дескрипторы	Балл
Тақырыпты ашу терендігі	мәселе теориялық деңгейде ашылуы, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттар қолданған	4
	мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	2
Аргументтелуі, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті	6
Композициялық тұтастық және баяндау логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытынды бар	4
Жазу мәдениеті	академиялық жазудың озық деңгейі көрсетілген (ғылыми терминологияны білу, лексика, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғарғы балл		20

*А қосымшасында білім беру бағдарлама тобының эссе тақырыптары берілді.

5. Сұхбат тәртібі және бағалау критерийлері

Сұхбат докторантураға түсу емтиханның міндетті бөлігі болып табылады және бейнежазбаны міндетті түрде қолдану арқылы, қашықтықтан жүргізіледі.

Сұхбат басталар алдында емтихан комиссиясының хатшысы үміткерді комиссиямен таныстырады, сұхбаттың басталғаны туралы хабарлайды және бейнежазбаны қосады.

Үміткер камераға сәйкестендіру үшін жеке куәлік береді.

Сұхбаттың ұзақтығы 20 минутқа дейін.

Сұхбаттың бағалау – барлық комиссия мүшелерінің жинаған ұпайларының қосындысының орташа арифметикалық мәнімен есептейді.

Сұхбаттасу үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

№	Критерийі	Дескриптор	Балл
1.	Дәйектілігі	Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдей алуы. Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және жеке өсу перспективаларын көре білуі.	6
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеруі.	9
3.	Креативтілік	Ойлаудың өзіндік ерекшелігі, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдерін қолдана алуы.	9
4.	Коммуникативтілік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі, мағыналы, дәлелді түрде жеткізе білуі, түйінді қорытынды жасай алуы Тілді меңгеру дағдысы	6
Ең жоғарғы балл			30

Сұхбат кезінде қойылатын сұрақтар үлгісі:

1. Неліктен Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетін таңдадыңыз?
2. Сіздің академиялық және мансаптық мақсаттарыңыз қандай? Неліктен сіз осы білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
3. Біздің университет, білім беру бағдарламасы сізге осы мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі?
4. Егер сіз оқуға түссеңіз, біздің университеттің дамуына қандай үлес қоса аласыз? Сіз өз тарапыңыздан біздің университетке не бере аласыз?
5. Егер сіз біздің университетке түссеңіз, сіздің алдыңызда қандай ерекше мүмкіндіктер ашылады? Сіздің ғылыми және шығармашылық әлеуетіңіз қалай ашылады?
6. Сіз таңдаған мамандықты үйрену тәжірибеңіз бар ма?
7. Неліктен академиялық бағытты өзгертуге шешім қабылдадыңыз? (егер сіз жаңа мамандық бойынша оқуға түссеңіз)
8. Сіз қандай қосымша курстарда немесе бағдарламаларда оқыдыңыз? Алынған дағдылар қалай қолданылды?
9. Сіз мақтан тұтатын сабақтан тыс жетістіктеріңіз бар ма? Олар туралы айтып берсеңіз
10. Сіз командада немесе жеке жұмыс істегенді ұнатасыз ба? Белгілі бір жобада топтық жұмыс кезінде қандай рөл атқарғыңыз келеді?
11. Сіз немен айналысасыз және жақын арада оқудан басқа не істеуді жоспарлап отырсыз? 10 жылдан кейін өзіңізді қай жерде көресіз?
12. Неліктен сіз осы мамандықты таңдадыңыз? Неліктен докторлық дәрежеге ие болғыңыз келеді? Кіммен жұмыс істегіңіз келеді? Өз салаңыздың дамуына қандай үлес қосқыңыз келеді? Сізді қандай ғылыми сұрақтар қызықтырады?
13. Сіз таңдаған бағытта мансапты қалай дамытасыз?
14. Егер сіз жоспарланған салада мансап құра алмасаңыз, қалай әрекет етесіз?
15. Сіз қандай зерттеу тақырыбын таңдағыңыз келеді? Неліктен бұл зерттеу тақырыпты таңдадыңыз?
16. Сіздің зерттеулеріңіз тиімді болады деп ойлайсыз ба? Олар қандай нәтижеге әкеледі? Қазіргі зерттеуші қандай болуы керек? Оны сипаттаңыз.
17. Біздің университет сізге ғылыми-зерттеу жұмыстарында қалай көмектесе алады? Осы тақырып бойынша зерттеулер жүргізу біздің университетке не береді? Неліктен бұл маңызды болуы мүмкін?
18. Интернеттің қазіргі қоғамдағы рөлін ашыңыз?
19. Экономикалық зерттеулер жүргізу үшін қажетті заманауи тәсілдер туралы не білесіз?
20. Қазіргі жағдайда бизнесті қалай ұйымдастырар едіңіз?

6 Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының құрылымы мен мазмұны

Электронды емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блок	Сұрақ сипаттамасы	Балл
1-сұрақ	теориялық-теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-сұрақ	практикалық-функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін анықтайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техниканы қолдана білу)	20
3-сұрақ	зерттелетін пәндік саланы жүйелі түсінуді, зерттеу әдіснамасы саласындағы мамандандырылған білімді (жүйелі құзыреттіліктерді) анықтайды	20
Ең жоғарғы балл		50

Емтихан сұрақтарын құрастыру кезінде Дублиндік дескрипторларға, Блум таксономиясына сәйкестікті сақтау қажет, осылайша үміткерлердің жауаптары кезінде пәндік саладағы жүйелі түсініктерін, зерттеу әдістемесі мен әдістерін білу деңгейін, идеяларды сыни тұрғыдан талдау, синтездеу және бағалау қабілетін анықтауға болады.

Электронды емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критеріі:

Сұрақтар	Бағалау критеріі	Балл
1-сұрақ	зерттелетін пән саласының негізгі процестері туралы білімді көрсетеді; сұрақты ашу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша жүйелі және дәйекті түрде өз пікірін білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-сұрақ	пән саласындағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, технологияларды қолданады	8
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	5
	Барлығы	20
3-сұрақ	теориялық және практикалық нұсқаулықтарды, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	8
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды	5
Барлығы		20
Ең жоғарғы балл		50 балл

* Б қосымшасында білім беру бағдарлама тобының емтиханды қабылдауға арналған бейінді пәндер бойынша сұрақтар тізімі берілді.

Білім беру бағдарламасы бойынша емтиханға дайындалуға арналған бағдарламалық тақырыптар жүйесі

«Микроэкономика (жетілдірілген)» пәні

1. Микроэкономикалық талдаудың заманауи әдіснамасы және нарықтық жүйенің теориялық негіздері

Микроэкономиканың пәні, құрылымы және ғылыми-зерттеу әдістері. Микроэкономикалық талдаудың позитивтік және нормативтік бағыттары. Экономикалық агенттер, нарық субъектілері және олардың мінез-құлқы. Ресурстар шектеулілігі және таңдау теориясы. Экономикалық модельдеу, оңтайландыру және тепе-теңдік әдістері. Микроэкономикалық талдаудағы институционалдық және мінез-құлықтық тәсілдер. Нарықтық механизмнің қызмет ету қағидалары.

2. Сұраныс, ұсыныс және нарықтық тепе-теңдіктің жетілдірілген теориясы

Сұраныс және ұсыныс теориясының микроэкономикалық негіздері. Тұтынушылық және өндірушілік шешімдердің қалыптасуы. Сұраныс пен ұсыныс функциялары және оларға әсер етуші факторлар. Нарықтық тепе-теңдік модельдері. Ішінара және жалпы тепе-теңдік талдауы. Икемділік теориясы: баға, табыс және айқас икемділік. Икемділіктің эмпирикалық бағалануы және нарықтық шешімдер қабылдаудағы рөлі.

3. Тұтынушы таңдауының теориясы және әл-ауқат экономикасы

Тұтынушы мінез-құлқының кардиналистік және ординалистік теориялары. Пайдалылық функциялары және артықшылықтардың аксиомалары. Талғаусыздық қисықтары және бюджеттік шектеулер. Тұтынушының оңтайлы таңдауы және тепе-теңдігі. Табыс және алмастыру әсерлері (Хикс және Слуцкий тәсілдері). Анықталмағандық жағдайындағы тұтынушы таңдауы. Әл-ауқат теориясының негіздері және Парето тиімділігі.

4. Өндіріс теориясы және фирманың технологиялық шешімдері

Өндірістік функциялардың түрлері және олардың қасиеттері. Технологиялық тиімділік және өндіріс факторларының өзара алмастырылуы. Изокванта және технологиялық ауыстырудың шекті нормасы. Қайтарымның кемімелі заңы және ауқым тиімділігі. Қысқа және ұзақ мерзімді өндірістік шешімдер. Инновациялар, технологиялық өзгерістер және фирманың бәсекелік артықшылықтары.

5. Өндіріс шығындары және фирманың оңтайландыру теориясы

Өндіріс шығындарының экономикалық мазмұны және жіктелуі. Қысқа және ұзақ мерзімді шығындар теориясы. Шекті, орташа және жиынтық шығындар. Изокоста және шығындарды минимизациялау мәселесі. Өндіріс көлемін оңтайландыру және пайданы максимизациялау. Трансакциялық шығындар және қазіргі фирма теориясы.

6. Нарық құрылымдары және жетілген бәсекелестік теориясы

Нарық құрылымдарының типологиясы және нарықтық билік ұғымы. Жетілген бәсекелестік моделінің алғышарттары мен тиімділігі. Қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдегі фирманың тепе-теңдігі. Салалық ұсыныс және бәсекелік тепе-теңдік. Экономикалық тиімділік және ресурстарды оңтайлы бөлу. Нарықтық құрылымдарды салыстырмалы талдау.

7. Жетілмеген бәсеке теориясы: монополия, монополистік бәсеке және олигополия

Монополияның экономикалық табиғаты және нарықтық билік көздері. Монополиялық баға белгілеу және қоғамдық шығындар. Монополияны мемлекеттік реттеу әдістері. Монополистік бәсеке нарығындағы дифференциация және тепе-теңдік. Олигополиялық нарықтар және стратегиялық өзара әрекеттесу. Курно, Бертран, Штакельберг модельдері. Ойын теориясының элементтері және фирмалардың стратегиялық мінез-құлқы.

8. Өндіріс факторлары нарықтарының теориясы

Еңбек нарығының микроэкономикалық негіздері. Еңбекке сұраныс пен ұсыныс модельдері. Жалақының қалыптасуы және еңбек нарығын мемлекеттік реттеу. Кәсіподақтардың рөлі және еңбек нарығындағы теңсіздік мәселелері. Капитал нарығы және инвестициялық шешімдер. Пайыз мөлшерлемесінің теориясы. Жер нарығы және рента теориясы: абсолюттік және дифференциалдық рента.

9. Нарықтық сәтсіздіктер және мемлекеттік реттеу теориясы

Сыртқы әсерлер және олардың экономикалық салдары. Жағымды және жағымсыз экстерналиялар. Коуз теоремасы және меншік құқықтары теориясы. Ақпараттық асимметрия және нарықтық белгісіздік. Моральдік тәуекел және жағымсыз іріктеу мәселелері. «Принципал-агент» моделі. Қоғамдық игіліктер теориясы және еркін пайдаланушы мәселесі. Мемлекеттің реттеуші құралдары және қоғамдық әл-ауқатты арттыру тетіктері.

10. Қазіргі микроэкономиканың қолданбалы және институционалдық бағыттары

Микроэкономикалық талдаудың заманауи бағыттары. Институционалдық экономика және келісімшарт теориясы. Мінез-құлықтық микроэкономика және шектеулі рационалдылық. Цифрлық нарықтар және платформалық экономика. Ақпараттық технологиялардың нарық құрылымына әсері. Қолданбалы микроэкономикалық зерттеулердің әдістері және экономикалық саясатты бағалау. Докторантура деңгейіндегі микроэкономикалық зерттеулердің өзекті бағыттары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Доғалов, А. Микроэкономика: Оқулық / А. Доғалов, Досмағанбетов.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 340 б.
2. Нуреев, Р.М. Микроэкономика курсы. – М.: Норма, 2021. – 624 б.
3. Нұрғалиев Қ.Р. Экономикалық ілімдер тарихы. – Алматы: Экономика, 2010. – 352 б.
4. Шеденов Ө.К. Жалпы экономикалық теория. – Ақтөбе, 2020. – 420 б.
5. Сахариев С.С., Сахариева А.С. Экономическая теория. – Алматы: Экономика, 2012. – 512 с.
6. Мэнкью Н.Г. Принципы экономикс / Н.Г. Мэнкью. – М.: Спб: Питер, 2021. – 864 с.
7. Кейнс Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег / Дж. М. Кейнс. — М.: ГЕЛИОС АРВ, 2020. — 320 с.
8. Самуэльсон П., Нордхаус У. Экономика / П. Самуэльсон, У. Нордхаус. — М.: Вильямс, 2020. — 832 с.

9. Курс экономической теории: учебник / под ред. Н. А. Сафронова. – М.: ИНФРА-М, 2022. – 896 с.
10. Бегг Д., Фишер С., Дорнбуш Р. Экономика : пер. с англ. – М.: Макроэкономика, 2021. – 711 с.
11. Долан Э.Дж. Введение в экономику / Э.Дж. Долан. – СПб.: Питер, 2019. – 640 с.
12. Паркин, М. Микроэкономика.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 548 с
13. Мэнкью, Н.Г. Принципы экономики. – СПб.: Питер, 2021. – 768 с.
14. Макконнелл, К.Р., Брю, С.Л. Экономикс: принципы, проблемы и политика [Текст]. – М.: Инфра-М, 2020. – 1028 с.
15. Пиндайк, Р., Рубинфельд, Д. Микроэкономика. – СПб.: Питер, 2019. – 608 с.
16. Носова, С.С. Микроэкономика. – М.: КНОРУС, 2020. – 312 с.
17. Варьян, Х.Р. Микроэкономика. – М.: ЮНИТИ, 2018. – 767 с.
18. Кац, М., Роузен, Х. Микроэкономика. – Минск, 2018. – 828 с.
19. Стиглиц, Дж. Экономика государственного сектора [Текст]. – М.: Инфра-М, 2019. – 712 с.
20. Хан, Ф., Липси, Р. Микроэкономическая теория и политика [Текст]. – СПб.: Питер, 2020. – 640 с.
21. Акерлоф, Дж., Шиллер, Р. Фишинг для фишей: экономика манипуляции и обмана [Текст]. – М.: Альпина, 2018. – 320 с.
22. Осборн, М., Рубинштейн, А. Курс теории игр [Текст]. – М.: ВШЭ, 2019. – 496 с.
23. Вальрас, Л. Элементы чистой политической экономии [Текст]. – М.: Наука, 2018. – 560 с.
24. Фридман, М. Количественная теория денег [Текст]. – М.: Эксмо, 2019. – 288 с.
25. Бланшар, О. Макроэкономика. – М.: ВШЭ, 2020. – 720 с.
26. Тейлор, Дж. Макроэкономическая теория денежной политики [Текст]. – М.: Дело, 2019. – 400 с.
27. Масгрейв, Р., Масгрейв, П. Государственные финансы в теории и практике [Текст]. – М.: ЮНИТИ, 2018. – 880 с.
28. Ромер, Д. Продвинутая макроэкономика [Текст]. – СПб.: Питер, 2020. – 896 с.
29. Норт, Д. Институты, институциональные изменения и функционирование экономики [Текст]. – М.: ВШЭ, 2018. – 256 с.
30. Уильямсон, О. Экономические институты капитализма [Текст]. – М.: Ленанд, 2019. – 464 с.
31. Борджас, Дж. Экономика труда [Текст]. – М.: Дело, 2019. – 720 с.
32. Кругман, П., Обстфельд, М. Международная экономика [Текст]. – СПб.: Питер, 2021. – 912 с.
33. Манделл, Р. Международные финансы [Текст]. – М.: Инфра-М, 2018. – 368 с.
34. Шапиро, К., Варьян, Х. Информационные правила [Текст]. – М.: ВШЭ, 2019. – 480 с.

Қосымша:

1. Бекжанова, Г. Е. Микроэкономика [Мәтін]: Оқу құралы / Г. Е. Бекжанова.- Алматы: Экономика, 2012.- 192б.

2. Ғабит, Ж. Х. Микроэкономика [Мәтін]: Оқулық / Ж. Х. Ғабит, А. Н. Доғалов, Н. С. Досмағанбетов.- 2-бас. өнд. және толықтырылған.- Алматы: ЖШС Print-S, 2012.- 424б.
3. Лашкарева, О.В. Микроэкономика. [Текст]: Методические указания / О.В. Лашкарева.- Алматы: ТехноЭрудит, 2019.- 64 с.
4. Қалпақпаева, Ж.М. Микроэкономика, дәріс курсы : Оқу құралы. . - Алматы: КазАТиСО, 2017. - 185 б. - ISBN 978-601-207-451-2. <http://rmebrk.kz/>
5. Микро-макроэкономический анализ [Электронный ресурс]: Учебное пособие / С.А. Кожобаева.- Алматы: ИП А.Ю.Рыбакова, 2020.- 1 электр. опт. диск. 1 экз.
6. Экономическая теория. Микроэкономика—1, 2 : Учебник. . - 6-е изд., испр. и доп. - М.: Издательство «Дашков и К°», 2014. - 934 с.
7. Микроэкономика: Экономикалық мамандықтарға арналған оқулық . / Ж.Х. Ғабит, А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов; ҚР Жоғару оқу орындарының қауымдастығы. - Алматы: Print-S, 2012. - 424б.

«Кәсіпорын экономикасы» пәні

1.Кәсіпорынның экономикалық табиғаты және заманауи кәсіпкерлік жүйедегі рөлі

Кәсіпорынның экономикалық жүйедегі орны және шаруашылық жүргізуші субъект ретіндегі мәні. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы аясындағы кәсіпорын қызметінің құқықтық негіздері. Меншік нысандары және кәсіпорындардың ұйымдастырушылық-құқықтық формалары. Кәсіпорындардың жіктелуі және олардың қызмет ету ерекшеліктері. Шағын және орта бизнестің экономикадағы рөлі. Кәсіпкерлік экожүйе және корпоративтік басқарудың заманауи модельдері.

2.Кәсіпорынның өндірістік және басқарушылық құрылымын ұйымдастыру теориясы

Кәсіпорынның өндірістік құрылымының мазмұны, қағидалары және түрлері. Басқарудың ұйымдық құрылымдарының эволюциясы және жіктелуі. Басқарудың функционалдық, дивизионалдық, матрицалық және желілік модельдері. Ұйымдық құрылымды жобалау және оңтайландыру. Корпоративтік басқару жүйесі және стратегиялық менеджмент элементтері. Лауазымдық нұсқаулықтар мен құрылымдық бөлімшелер қызметін регламенттеу.

3.Кәсіпорын капиталы және негізгі өндірістік қорларды басқару

Негізгі капиталдың экономикалық мәні және құрылымы. Негізгі өндірістік қорлардың жіктелуі және бағалануы. Негізгі қорлардың тозуы және жаңғыртылуы. Амортизациялық саясат және оның кәсіпорын дамуындағы рөлі. Негізгі капиталды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері. Негізгі құралдарды басқарудың инновациялық және цифрлық тәсілдері.

4.Айналым капиталы және кәсіпорын ресурстарын тиімді басқару

Айналым капиталының экономикалық мазмұны және құрылымы. Айналым қаражаттарын қалыптастыру көздері. Материалдық, шикізаттық және отын-энергетикалық ресурстардың экономикалық маңызы. Ресурстарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері. Айналым қаражаттарының айналымдылығы және оны

жеделдету жолдары. Логистикалық және жабдықтау жүйелерін басқарудың заманауи әдістері.

5.Кәсіпорынның еңбек әлеуеті және адами капиталды басқару
Кәсіпорынның еңбек ресурстары және адами капитал теориясы. Персонал құрылымы және кадрлық саясат. Еңбек өнімділігі және оны бағалау әдістері. Еңбек өнімділігін арттыру факторлары мен резервтері. Персоналды басқарудың заманауи технологиялары. Еңбекақы төлеу жүйелері және мотивация теориялары. Тарифтік жүйе және еңбекті ұйымдастырудың заманауи модельдері.

6.Кәсіпорынның шығындары, баға қалыптастыру және қаржылық нәтижелері

Өндіріс шығындарының теориялық негіздері және олардың жіктелуі. Өнімнің өзіндік құны және калькуляциялау әдістері. Тұрақты және айнымалы шығындар. Баға қалыптастыру стратегиялары. Кәсіпорын табыстары мен шығыстарын басқару. Пайда түрлері және олардың қалыптасу механизмдері. Рентабельділік көрсеткіштері және қаржылық нәтижелерді талдау.

7.Өндірістік бағдарламалау және операциялық менеджмент
Өндірістік процестерді ұйымдастырудың теориялық негіздері. Өнім түрлері және олардың экономикалық сипаттамалары. Өндірістік бағдарламаны жоспарлау және болжау. Өндірістік қуаттылықты есептеу және оңтайландыру. Операциялық менеджменттің заманауи тәсілдері. Өндірістің тиімділігін арттыру және ресурстарды оңтайлы пайдалану.

8.Кәсіпорынның маркетингтік және бәсекелік стратегиялары
Маркетингтің экономикалық мазмұны және басқарушылық функциялары. Маркетингтік ортаны талдау. Кәсіпорындағы маркетингтік қызметті ұйымдастыру. Нарықтық зерттеулер және тұтынушылық мінез-құлықты талдау. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі және тауарлық саясат. Өнім сапасын басқару, стандарттау және сертификаттау. Брендинг және цифрлық маркетингтің заманауи құралдары.

9.Кәсіпорынның инвестициялық-инновациялық дамуы және тұрақты өсу стратегиясы

Инвестициялардың экономикалық мәні және жіктелуі. Инвестициялық жобаларды бағалау әдістері. Инвестициялық тартымдылық және тәуекелдерді басқару. Инновациялық қызмет және инновациялардың түрлері. Кәсіпорынның технологиялық жаңғыртылуы. Тұрақты даму тұжырымдамасы және ESG қағидаттары. Бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің заманауи стратегиялары.

10.Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі және қаржылық тұрақтылығы

Өндіріс тиімділігінің экономикалық мазмұны және көрсеткіштері. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын кешенді бағалау. Өтімділік, төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері. Іскерлік белсенділік және кәсіпорын құнын басқару. Дағдарысқа қарсы басқару және банкроттық тәуекелдерін бағалау. Кәсіпорындарды қаржылық сауықтыру және қайта құрылымдау механизмдері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Давильбекова, Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы / Ж.Қ. Давильбекова.- Алматы: ТехноЭрудит, 2020.- 324 б.

2. Мейірбеков, А.К. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы / А.К. Мейірбеков, К.Ә. Әлімбетов.- Алматы: Экономика, 2016.- 252б.
3. Рыспекова, М.О. Экономика и организация предприятия: Учебное пособие / М.О. Рыспекова.- Алматы: Эверо, 2015.- 244 с.
4. Курманалина, А.А. Кәсіпорын экономикасы: Дәрістер жинағы / А.А. Курманалина, М.А. Тлеубергенова.- Алматы: ТехноЭрудит, 2018.- 252 б.
5. Савицкая, Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия [Текст]. – М.: Инфра-М, 2020. – 512 с.
6. Ковалев, В.В. Финансы организаций (предприятий) [Текст]. – М.: Проспект, 2019. – 896 с.
7. Савицкая, Г.В. Экономический анализ [Текст]. – М.: Инфра-М, 2020. – 512 с.
8. Грузинов, В.П., Грибов, В.Д. Экономика предприятия [Текст]. – М.: Финансы и статистика, 2018. – 608 с.
9. Базаров, Т.Ю. Управление персоналом [Текст]. – М.: ЮНИТИ, 2019. – 560 с.
10. Генкин, Б.М. Экономика и социология труда [Текст]. – М.: Норма, 2019. – 416 с.
11. Бланк, И.А. Инвестиционный менеджмент [Текст]. – Киев: Ника-Центр, 2018. – 448 с.
12. Вахрушина, М.А. Бухгалтерский управленческий учет [Текст]. – М.: Омега-Л, 2020. – 576 с.
13. Котлер, Ф. Основы маркетинга [Текст]. – СПб.: Питер, 2020. – 752 с.
14. Портер, М. Конкурентное преимущество [Текст]. – М.: Альпина Паблшер, 2019. – 720 с.
15. Мескон, М., Альберт, М., Хедоури, Ф. Основы менеджмента [Текст]. – М.: Вильямс, 2019. – 704 с.
16. Ансофф, И. Стратегический менеджмент [Текст]. – М.: Экономика, 2018. – 520 с.
17. Хаммер, М., Чампи, Дж. Реинжиниринг корпорации [Текст]. – М.: Альпина, 2019. – 384 с.
18. Деминг, У. Э. Выход из кризиса [Текст]. – М.: Альпина, 2018. – 416 с.
19. Хейзер, Дж., Рендер, Б. Операционный менеджмент [Текст]. – СПб.: Питер, 2020. – 640 с.
20. Кристофер, М. Логистика и управление цепями поставок [Текст]. – М.: Инфра-М, 2019. – 368 с.
21. Хоуп, Дж., Фрейзер, Р. Бюджетирование без бюджетов [Текст]. – М.: ВШЭ, 2018. – 432 с.
22. Ковалев, В.В. Финансовый анализ [Текст]. – М.: Проспект, 2020. – 640 с.
23. Брейли, Р., Майерс, С. Принципы корпоративных финансов [Текст]. – М.: Олимп-Бизнес, 2019. – 992 с.
24. Лам, Дж. Enterprise Risk Management [Текст]. – М.: Инфра-М, 2018. – 512 с.
25. Davenport, T. Digital Transformation [Текст]. – New York: Harvard Business Review Press, 2019. – 320 с.
26. Котлер, Ф., Келлер, К. Маркетинг-менеджмент [Текст]. – СПб.: Питер, 2020. – 832 с.

27. Нагл, Т. Ценообразование и стратегия прибыли [Текст]. – М.: Вильямс, 2019. – 400 с.
28. Шлейфер, А., Вишны, Р. Корпоративное управление [Текст]. – М.: ВШЭ, 2018. – 480 с.
29. Герцберг, Ф. Мотивация к работе [Текст]. – М.: ЮНИТИ, 2019. – 288 с.
30. Хорнгрен, Ч., Фостер, Дж. Управленческий учет [Текст]. – М.: Питер, 2020. – 720 с.
31. Хан, Д. Контроллинг: концепция и инструменты управления [Текст]. – М.: Финансы и статистика, 2018. – 416 с.
32. Eccles, R., Serafeim, G. Sustainable Business Strategy [Текст]. – Boston: HBS Publishing, 2019. – 288 с.
33. Портер, М. Конкурентные преимущества наций [Текст]. – М.: Альпина, 2019. – 880 с.
34. Дамодаран, А. Инвестиционная оценка [Текст]. – М.: Альпина, 2020. – 1344 с.

Қосымша:

1. С.М. Егембердиева. «Кәсіпорын экономикасы» пәні бойынша ОЖСБ тест сұрақтарының жинағы [Электрондық ресурс]: оқу құралы /.- Алматы.: ТехноЭрудит, 2019

2. Г.И. Әбдікерімова. Кәсіпорын экономикасы [Электрондық ресурс]: оқу құралы /.- Алматы: ТехноЭрудит, 2019

3. Э.Б. Глесова, Ж.К. Жанабаева. Экономика предприятия [Электронный ресурс]: Учебное пособие / - Алматы: ТехноЭрудит, 2019.

4. А. Мейірбеков. Кәсіпорын экономикасы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / - Алматы.: ТехноЭрудит, 2019.

5. Кәсіпорын экономикасы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / А.А. Курманалина, М.А. Глеубергенова.- Алматы: ТехноЭрудит, 2019.

6. Кәсіпорын экономикасы / Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ә., 2020. - 253 с. https://elib.kz/ru/search/read_book/3092/

7. Абылкасимова, Ж.А. Экономика предприятия [Электронный ресурс]: Учебное пособие / Ж.А. Абылкасимова, Г.А. Орынбекова, М.М. Алибаева.- Алматы: ССК, 2021.

8. Ажмухамедова, А.А. Кәсіпорын экономикасы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / А.А. Ажмухамедова; Машрапова А.Ж.- Алматы: ССК, 2019.

9. Давильбекова, Ж.Х. Экономика предприятия [Электронный ресурс]: Учебное пособие / Ж.Х. Давильбекова.- Алматы: ИП А.Ю.Рыбакова, 2020.

«Макроэкономика(жетілдірілген)» пәні

1. Макроэкономиканың теориялық негіздері және ұлттық есепшоттар жүйесі

Макроэкономикалық талдаудың пәні мен әдіснамасы. Қазіргі макроэкономикалық теорияның эволюциясы. Негізгі макроэкономикалық мәселелер: экономикалық өсу, инфляция, жұмыссыздық және тұрақтылық. Ұлттық есепшоттар жүйесі (ҰЕЖ) және негізгі макроэкономикалық агрегаттар. ЖІӨ-ні есептеу әдістері және баға индекстері.

2. Экономикалық циклдер, макроэкономикалық тұрақсыздық және еңбек нарығы

Экономикалық циклдердің табиғаты және фазалары. Циклдік ауытқулардың себептері. Еңбек нарығы және оның қызмет ету механизмі. Жұмыссыздықтың түрлері және оның салдары. Оукен заңы. Жұмыссыздық пен инфляцияның өзара байланысы. Филлипс қисығы.

3. Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс моделі (AD–AS)
Жиынтық сұраныс және оған әсер етуші факторлар. Жиынтық ұсыныс: классикалық және кейнстік тәсілдер. Қысқа және ұзақ мерзімді макроэкономикалық тепе-теңдік. AD–AS моделіндегі макроэкономикалық шоктар және олардың салдары.

4. Кейнстік макроэкономикалық теория және игіліктер нарығы
Кейнстік революция және оның маңызы. Тұтыну және жинақ функциялары. Инвестициялардың макроэкономикалық рөлі. «Кейнс кресі» моделі. Мультипликатор әсері және үнемдеу парадоксы. Рецессиялық және инфляциялық үзілістер.

5. Фискалдық саясат және мемлекеттік бюджет
Фискалдық саясаттың мақсаттары мен құралдары. Мемлекеттік шығындар мен салықтар. Мемлекеттік шығындар және салық мультипликаторлары. Теңгерімді бюджет тұжырымдамасы. Фискалдық саясаттың тиімділігі.

6. Ақша нарығы, банк жүйесі және ақша-несие саясаты
Ақша және оның қызметтері мен агрегаттары. Ақшаға сұраныс пен ұсыныс. Ақша мультипликаторы. Банк жүйесі: орталық және коммерциялық банктер. Ақша-несие саясатының құралдары мен мақсаттары.

7. Біріктірілген макроэкономикалық тепе-теңдік: IS–LM моделі
Тауар және ақша нарықтарының өзара байланысы. IS және LM қисықтары. Жалпы макроэкономикалық тепе-теңдік. Фискалдық және ақша-несие саясатының әсері. IS–LM моделінен жиынтық сұраныс қисығын шығару.

8. Экономикалық өсу және динамикалық даму модельдері
Экономикалық өсудің факторлары. Солоудың неоклассикалық өсу моделі. Технологиялық прогресс және еңбек өнімділігі. Ұзақ мерзімді өсудің көздері. Тұрақты және инклюзивті экономикалық өсу.

9. Ашық экономика және халықаралық экономикалық қатынастар
Манделл–Флеминг моделі. Ішкі және сыртқы тепе-теңдік. Валюталық режимдер және капиталдың қозғалысы. Халықаралық сауда теориялары. Сауда саясаты: протекционизм және еркін сауда. Төлем балансы және валюта бағамы.

10. Макроэкономикалық саясат және жаһандық экономикалық тұрақтылық

Фискалдық, ақша-несие және сыртқы экономикалық саясаттың өзара байланысы. Мемлекеттік қарыз және бюджет тапшылығын басқару (Хаавельмо теоремасы). Антиинфляциялық саясат. Ашық экономикадағы макроэкономикалық тұрақтандыру. Жаһандық экономиканың заманауи сын-қатерлері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Есиркепова, А.М. Макроэкономика: Оқу құралы / А.М. Есиркепова.- Алматы: ТехноЭрудит, 2020.- 252 б.15 экз.

2. Паркин, М. Макроэкономика [Мәтін]: Оқулық / М. Паркин.- Алматы, 2020.- 464 б.- (Рухани жаңғыру).
3. Назарбаев Н.А. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2014.
4. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ. Ұлттық экономиканың даму трендтері. – Астана, 2022.
5. Төлеужанова М.С. Макроэкономика. – Алматы: Экономика, 2020. – 412 б.
6. Қалиев Г. Экономикалық талдау: оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2021. – 340 б.
7. Мадиярова Д.М. Халықаралық экономика. – Алматы: Экономика, 2018. – 370 б.
8. Бланшар, О. Макроэкономика. – М.: Изд-во ВШЭ, 2020. – 640 с.
9. Мэнкью, Н.Г. Макроэкономика. – СПб.: Питер, 2021. – 560 с.
10. Дорнбуш, Р., Фишер, С. Макроэкономика. – М.: ИНФРА-М, 2019. – 720 с.
11. Кейнс, Дж.М. Общая теория занятости, процента и денег [Текст]. – М.: Эксмо, 2018. – 480 с.
12. Фридман, М. Монетарная история США. – М.: Дело, 2019. – 624 с.
13. Хикс, Дж. Кейнс и классики. – М.: Прогресс, 2018. – 416 с.
14. Ромер, Д. Продвинутая макроэкономика. – М.: ИНФРА-М, 2020. – 768 с.
15. Солоу, Р. Теория экономического роста. – М.: Наука, 2017. – 384 с.
16. Лукас, Р. Ожидания и нейтральность денег. – М.: Экономика, 2018. – 320 с.
17. Филлипс, А. Соотношение безработицы и инфляции. – М.: ИНФРА-М, 2019. – 288 с.
18. Фридман, М. Роль монетарной политики. – М.: Дело, 2019. – 400 с.
19. Манделл, Р., Флеминг, М. Международная макроэкономика. – М.: ВШЭ, 2018. – 480 с.
20. Кругман, П., Обстфельд, М. Международная экономика. – СПб.: Питер, 2021. – 912 с.
21. Кругман, П. Валютные кризисы и финансовые потрясения. – М.: Альпина, 2019. – 352 с.
22. Тейлор, Дж. Дискреция против правил в монетарной политике. – М.: Дело, 2018. – 320 с.
23. Бернанке, Б., Гертлер, М. Монетарная трансмиссия. – М.: ВШЭ, 2019. – 400 с.
24. Мински, Х. Финансовая нестабильность и кризисы. – М.: Инфра-М, 2018. – 352 с.
25. Шмидт, С. Макропруденциальная политика. – М.: ВШЭ, 2020. – 416 с.
26. Ромер, П. Эндогенный экономический рост. – М.: Наука, 2019. – 480 с.
27. Лукас, Р. Модели экономического роста. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 512 с.
28. Пикетти, Т. Капитал в XXI веке. – М.: АСТ, 2019. – 736 с.
29. Блум, Д., Каннинг, Д. Демография и экономический рост. – М.: ВШЭ, 2018. – 384 с.
30. Бланшар, О., Ку, П. Макроэкономические шоки. – М.: ВШЭ, 2020. – 448 с.
31. Лукас, Р. Критика макроэкономической политики. – М.: Экономика, 2018. – 304 с.
32. Шнайдер, Ф. Теневая экономика и макроэкономика. – М.: Экономика, 2019. – 400 с.

2. Лашкарева, О.В. Макроэкономика: Учебное пособие / О.В. Лашкарева.- Алматы: Эверо, 2015.- 324с.
3. Макроэкономика.2 том: Оқу құралы / - Алматы: ТехноЭрудит, 2019.
4. Баймухамедова, Г.С. Macroeconomic analysis = Макроэкономический анализ: Учебник / Г.С. Баймухамедова, А.А. Лучанинова.- Алматы: ИП А.Ю.Рыбакова, 2021.
5. Есиркепова, А.М. Макроэкономика: Оқу құралы / А.М. Есиркепова.- Алматы: ИП А.Ю.Рыбакова, 2020.

**Экономика және сервис
кафедрасының меңгерушісі**



Г. Тулешова

БББ жобалық офисінің жетекшісі



Б. Рысдаулетова

**Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы**



Ә. Мейрамбек

**Академиялық мәселелер
жөніндегі департамент директоры**



Г. Кыдырбаева

**Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор**



Б. Таубаев